

## Облыстың кейбір қалалары мен аудандарының әкімшілік-аумақты құрылысындағы өзгертулер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының (II сайланған, XXIV сессия) 2002 жылғы 30 желтоқсандағы N 108/24 шешімі. Павлодар облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 28 қаңтарда N 1603 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес, Павлодар облысы әкімдігінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы "Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы" N 252/10 қаулысы, Екібастұз қалалық мәслихатының 2002 жылғы 12 қарашадағы "Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы" N 293 шешімі, Екібастұз қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 9 қарашадағы "Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы" N 643/16 қаулысы, Қашыр аудандық мәслихатының 2002 жылғы 15 сәуірдегі "Қашыр ауданының Октябрь және Федоровка селолық округтерінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы" N 5/17 шешімі, Қашыр ауданы әкімдігінің 2002 жылғы 21 наурыздағы "Қашыр ауданының Октябрь және Федоровка селолық округтерінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгертулер туралы" N 88/3 қаулысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласының Ақкөл селолық округіндегі Миялы селосы Екібастұз қаласының Ақкөл селолық округіндегі Ақкөл селосы әкімшілік-аумақтық бірлігінің құрамына енгізілсін.

2. Қашыр аудандағы Шаровка селосы Октябрь селолық округінің Октябрь селосының құрамына және Қызыл-Ту селосы Федоровка селолық округіндегі Федоровка селосының құрамына қосылсын.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*